

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ**

**«Қазақ ұлттық аграрлық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**«Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру» кафедрасының
2018-2019 оқу жылына атқарған**

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Алматы, 2019 ж.

2018-2019 оқу жылында кафедра студенттерін қабылдап топ-топқа бөліп, «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің 14.09.2018 жылғы №Ө-5 өкімі негізінде эдвайзер-куратор болып төмендегілер тағайындалды:

I –курс бойынша эдвайзер оқытушы Белгібаев А.А.

2018-2019 оқу жылындағы «Менеджмент және агробизнесіті ұйымдастыру» кафедрасының I-курс студенттері мына мамандықтар бойынша берілді: 5B051000 – «ГМУ»; 5B050700 – «Менеджмент»; 5B050600 – Экономика»; 5B051100 – «Маркетинг»

Бакалавриат	
ЭК-111к; ЭК-112р	8+3
МК-115к	2
ГМУ-113к; ГМУ-114р	15+1
Барлығы:	29

2018-2019 оқу жылындағы мына мамандықтар бойынша 5B051000 – «ГМУ»; 5B050700 – «Менеджмент»; 5B050600 – Экономика»; 5B051100 – «Маркетинг» *грант және ақылы бөлімде* оқитын ер және қыз балалар туралы жалпы ақпарат:

№	Курс, топ	Ер балалар саны	Қыз балалар саны	Грант бойынша оқитын білімгерлер саны	Ақылы негізде оқитын білімгерлер саны
1	ЭК-111к; ЭК-112р	4	7	-	11
2	МН-121к; МН-122р; МК-115к	6	5	-	11
3	ГМУ-113к; Гму-114р	15	2	-	17
Барлығы:		25	14	-	39
		29 студент		29 студент	

Төмендегі тізім бойынша топ старостасы және староста көмекшілері сайланды:

№	Курс, группа	Аты – жөні	Атқаратын міндеті
1	ЭК-112р; МН-122р; ГМУ-114р;	Умиртаева Маржан	Топ старостасы
		Файзуллаева Гузал	Староста көмекшісі
2	ЭК-111к;	Жантилеу Айнур	Топ старостасы
3	МН-121к; МК-115к	Жұмаш Нұрай	Староста көмекшісі
4	ГМУ-113к	Садырова Айгерим	Топ старостасы
		Жуманова Жанат	Староста көмекшісі

5B050600 – Экономика мамандығы ЭК-111 тобында Исмаил Еркінбек толық емес отбасынан шыққан.

Сонымен қатар көпбалалы отбасынан: Ислемғалиева Динара, Жантөлеу Айнур – отбасында 4 бала; Ергебекова Инара, Байбула Нұрдәулет – отбасында 5 бала, Мирамбекова Гаухар – отбасында 10 бала;.

II – курс бойынша аға оқытушы Төленді М.А. (ГМУ-204К, ФН-210К, ФН-211Р, УА-208К, УА-209Р, ОЦ-206К, ОЦ-207Р, ЭК-212К, ЭК-214Р, МН-214Р, МН-223К, МК-215К, МК-216Р). Топтағы ер балалардың саны 30, қыз балалардың саны-52. II-курс студенттерінің арасында қазақ тілінде оқитын өзге ұлттың өкілдерінің санына келетін болсақ: ұйғыр ұлтынан-8, корей-2, қырғыз-1, өзбек-1.

Осы студенттердің әлеуметтік жағдайына келетін болсақ, студенттердің ішінде 8 студент толық емес отбасынан, 2 студент көп балалы отбасынан, 1 студенттің ата анасы мүгедек жандар.

III, IV – курстары бойынша аға оқытушы Елтаева Қ.Е. (ГМУ-304К, ГМУ-404К). III, IV – курстары бойынша жалпы студенттер саны 21, ер балалар саны 17, қыз балалардың саны 4. Барлығы толық отбасынан шыққан. Өзге ұлт өкілдерінен жоқ.

«Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасында 86 студент оқиды. Соның ішінде 39 студент I курсқа, колледжден кейін 7 студент түсіп, студенттер қатарына қабылданды. Орыс бөлімінде 14 студент, қазақ бөлімінде 71, ал көп тілді бөлімінде 1 студент оқиды. Студенттер арасынан өздерінің ұсынысы бойынша топтардың белсенді студенттері арасынан топ старосталары, топ старостасының орынбасары және топтардың кәсіподақ төрағасы тағайындалды. Эдвайзерлерге бекітілген экономика мамандықтарының I-курс студенттері (барлығы 39 студент.) Экономика мамандықтарына жаңадан қосылған студенттерерді «Университет өмірімен» танысу жұмыстары жүргізіліп деканат, кафедралар, оқу корпуслары, сабақ кестесі, оқу ғимаратындағы орналасқан кітапхана тынысымен таныстырылды. Сондай-ақ университеттің, факультеттің ішкі тәртіп ережелері, күнделікті болатын сабақ кестелері таныстырылып, студенттердің сабаққа қатысуы, оқу үлгерімі күнделікті тексерілетіндігі, аралық бақылау, кредиттік жүйе туралы мәселелер көтерілді.

«Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасында 2018-2019 оқу жылындағы студенттер саны:

1- КУРС	
ЭК -111қ тобында	8 студент
ЭК-112р тобында	3 студент
ГМУ-113қ тобында	студент
ГМУ-114р тобында	студент
МК-115к тобында	2 студент
Барлығы:	студент

- КУРС	
ЭК-212к тобында	12 студент
ЭК-212к уск тобында	3 студент
ЭК-213р тобында	студент
ЭК-213р тобында	1 студент
МН-214р тобында	студент
МН-214р уск тобында	1 студент
МН-215к тобында	2 студент
МК-216р тобында	1 студент
Барлығы:	студент

3- КУРС	
ГМУ-304к тобында	студент
Барлығы:	10 студент

- КУРС	
ГМУ-404к тобында	студент
Барлығы:	студент

«Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру» мамандығының 2018-2019 оқу жылындағы курс студенттері бойынша грант және ақылы бөлімге түскен студенттер туралы мәлімет:

№	Курс, топ	Қыз балалар саны	Ер балалар саны	Грант негізінде оқитын студенттер саны	Ақылы келісім шарт негізінде оқитын студенттер саны	Ақылы /шартты/ келісім шарт негізінде оқитын студенттер саны
	1-курс	10	19	-	29	-
	2-курс	17	8	1	21	3
	3-курс	2	8	-	10	-
	4-курс	3	8	-	11	-
	Барлығы	32	43	1	73	3
	Барлығы	75		75		

**«Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасы бойынша
элеуметтік қолдауға мұқтаж студенттер туралы ақпарат:**

1- курс бойынша		
	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	
	Толық емес отбасынан шыққан студенттер	2
	Көп балалы отбасынан шыққан студенттер	2
	Азаматтық некеде туылған студенттер	
	Жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттер	
	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	

2- курс бойынша		
	Толық жетім	
	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	
	Жартылай отбасынан шыққан студенттер	2
	Көп балалы отбасынан шыққан студенттер	3
	Жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттер	
	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	

3 - курс бойынша		
	Толық жетім	-
	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	-
	Жартылай отбасынан шыққан студенттер	-
	Көп балалы отбасынан шыққан студенттер	1
	Жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттер	-
	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	-

4- курс бойынша		
	Толық жетім	-
	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	-
	Жартылай отбасынан шыққан студенттер	
	Көп балалы отбасынан шыққан студенттер	
	Жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттер	-
	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	-

Әрбір топтың басшыларына студенттердің ата-аналары, әлеуметтік турмысы және қосымша мәліметтерді жинау тапсырылды.

Эдвайзер-кураторлар 2018-2019 оқу жылына арналған жылдық жұмыс істеу жоспарын жасап бекітті:



«Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасы бойынша университеттің қоғамдық, мәдени іс-шараларына қатысатын студенттер туралы ақпарат:

№	Ұйым атауы	1-курс	2-курс	3 -курс	4-курс
	Өзін-өзі басқару ұйымы				1
	Зиялы қазақ» дебат клубы				
	Студенттердің шығармашылық орталығы		2		
	Спорт секциялары (бокс, самбо, тайквондо, көкпар)	1			
	ғылыми жобасы		3		

Біздің мақтаныштарымыз:

1) Мейірханұлы Жасұлан ГМУ-404к студенті

- Зиялы Қазақ интеллектуальді пікірсайыс клубының аға-буыны
- «Полиция көмекшілері» ұйымының төрағасы
- «Саналы ұрпақ» жемқорлыққа қарсы үгіт насихат орталығының жетекшісі
- «Студенттік көшбасшы» лидері

2) Жамолладин Темурбек Тахирович Еңбекшіқазақ ауданында баланы педофильден құтқарғаны үшін Алматы облысының әкімінің шешімімен куәлігі № 2017004 марапатталған.

Жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын беру жөніндегі конкурстық комиссияның 2017 жылғы 23 тамыздағы шешім негізінде 5B051000 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (ҚазҰАУ, күндізгі оқу нысаны) мамандығы бойынша білім грантының иегері болып табылады.



3) **Жақанов Адай Ақылұлы ГМУ-113к студенті** Самбодан Алматы қаласы чемпионаты



3) **Абдусаттар Бауыржан ГМУ-204к студенті** А.Жұбанов атындағы ұлт-аспаптық оркестрге қатысты.



4) **Әбіл Думан ГМУ-304к**



№1 хаттама топ жиналысының шешімімен студенттер арасынан өздерінің ұсыныстары бойынша топтардың белсенді студенттері арасынан топ старосталары, топ старостасының орынбасары және топтардың кәсіподақ төрағасы тағайындалды.

№	Топтар атауы	Топ старостасы	Топ старостасының көмекшісі	Топ кәсіподағы
1	ГМУ-304к	Өмірбек Гулден Бауыржанқызы	Нұрқайдаров Темірлан	Әбіл Думан Бақытжанұлы
2	ГМУ-404к	Мейірханұлы Жасулан	Адырбекқызы Сымбат	Бақытов Әділхан Асқарұлы

**Кафедра мамандықтары бойынша №3 «Шаңырақ» студенттер үйінде
орналасқан білімгерлеріміз:**

№	Аты-жөні	Мамандығы	Бөлме саны
1	Жумаш Нұрай	МН-121К	202
2	Умиртаева Маржан	ЭК-112Р	202
3	Ислемғалиева Динара	ЭК-111К	202
4	Инятова Айхан	МК-114Р	209
5	Ергебекова Инара	ЭК-111К	218
6	Жантилеу Айнұр	ЭК-111К	218
7	Мирамбек Гауһар	ЭК-111К	219
8	Мулдағалиева Жанар	ЭК-111К	219
9	Ибраев Медет	ГМУ-106К	303
10	Әбіл Думан	ГМУ-312К	303
11	Ерболатұлы Алмас	ГМУ-213К	311
12	Бақыт Жандос	ГМУ-213К	311
13	Абдусаттар Бауыржан	ГМУ-213К	301
14	Айтеке Назерке	ЭК-212К	315
15	Аққабиева Ақерке	ЭК-212К	315
16	Тағабаева Айман	ЭК-212К	315
17	Оңғарбек Әліхан	ЭК-212К	314
18	Майсанова Рано	ЭК-212К	405
19	Өмірбек Гүлден	ГМУ-312К	407
20	Абдуллаев Нұржан	ГМУ-113К	304
21	Ержанова Баян	ГМУ-213К	420
22	Мейірханұлы Жасұлан	ГМУ-404К	422

«1»09.2018 жыл ҚазҰАУ тарапынан ұйымдастырылған 1-қыркүйек Білім күніне арналған «ҚазҰАУ-ға қош келдіңіз!» атты жиын. Қатысқандар: Кафедра меңгерушісі э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К., э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К. және ПОҚ, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ тәлімгері, эдвайзерлер, I, II, III, IV курс студенттері қатысты. ҚазҰАУ табалдырығын алғаш аттап отырған I курс студенттерін қарсы алып, білім күнімен құттықтадық. Білімгерлерді оқу ғимаратымен, кафедра оқытушыларымен, аудиторияларымен, кітапхана, асханалармен таныстырдық. II, III, IV курс білімгерлерді дербес оқу жоспарымен танысты. Кафедралық тәрбие жұмысы бойынша эдвайзер-кураторлар және оқу топтары тәлімгерлерінің жұмысын үйлестіру сұрақтары қамтылды.



«6»09.2018 жыл Студенттік үйлерге білім алушыларды орналастыруды ұйымдастырылды. Ата – анасыз қалған және әлеуметтік жағдайы төмен
Ү ҚазҰАУ 604-03-18. Кафедраның тәрбие жұмыстарының есебі. Бесінші басылым

студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Жұмыс жоспарлары бекітілді. Студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімін үнемі бақылауға алу тапсырылды. Факультет ішінде ұйымдастырылып жатқан іс-шараларға қатысу жөнінде айтылды. II, III, IV курс студенттері үшін өндірістік және диплом алды тәжірибе сұралымын талқыладық.

Әр эдвайзер-кураторлар өздеріне тиесілі студенттер туралы ақпарат жинау, студенттердің тұрмыс жағдайын анықтау, топ старостасын және топ белсенділерін бекіту, жатақханаға орналасуына бақылау жасау, топтың сабаққа қатысуы мен үлгерімін үнемі бақылауға алу, факультет ішіндегі ұйымдастырылып жатқан іс-шараларға қатысуын қадағалады.

«26»09.2018 жыл «Рухант жаңғыру – Нұрлы болашақ бастауы» атты I курс студенттеріне «Студент қатарына қабылдау» мерекелік іс-шарасына ат салыстық. Студенттерді уақытымен жиналуын ұйымдастырдық.

Қатысқандар: ҚазҰАУ ректоры Есполов Т.И. және әкімшілік өкілдері, факультетіміздің деканы Сарқынов Е., тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Зұлпыхаров Б., аға оқытушы Карымсакова Ж.К., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., топ тәлімгері, эдвайзерлер, I курс студенттері.

Студенттерді Көктөбеге тізім бойынша апарып алып келу (кафедра бойынша I курс саны 39 студент). ЭК-111к 6 студент, ЭК-112р 3 студент, ГМУ-113к16 студент, ГМУ-114р 1 студент, МК-115к 2 студент, МН-121к 7 студент, МН -122р 2 студент, ЭК-126а 2 студент.

«Студент қатарына қабылдау - 2018» салтанатты іс-шарасын тамашаладық.

«Студент қатарына қабылдау - 2018» салтанатты іс-шарасынан кейін I курс студенттеріне би кешін ұйымдастырылды. Салтанатты іс-шара өте жақсы деңгейде өтті.



«2»10.2018 жыл «М.Әуезов» атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры 93 маусымашар «Абай» трагедиясын тамашаладық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., оқытушы Жетіген Б.М., II курс студенттерімен.



«5»10.2018 жыл «Ұстаз ұлы есім» атты мерекелік концерттік кеш ұйымдастырылды Қатысқандар: э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., оқытушы Исмайлова А.К., I, II курс студенттері ат салысты. Оқытушыларды төл мерекесімен құттықтап, студенттердің оқытушыға деген құрметін арттыру мақсатында ПОҚ жақсы көңіл-күй сыйладық (концерттік бағдарлама).



«6»10.2018 жыл Түрген шатқалына саяхат. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е. және аға оқытушы Тоғжігітова Қ.Б. II курс студенттерімен Түрген шатқалына бардық.

Студенттерді Түрген шатқалындағы саяхаттан кейін, Алматы қаласы, Абай-Қонаев көшесінің қиылысына апарып, студенттерді үйді-үйіне қайтардық.



«10»10.2018жыл «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы - 2018: «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жастар назарында» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Қонақ: **«1 Евразия» каналының тілшісі Асаубек Айымбетов**. Қатысқандар: «1 Евразия» каналының тілшісі Асаубек Айымбетов, кафедра меңгерушісі э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., I, II, III, IV курс студенттері

Қонақтарды белгіленген уақытта күтіп алып, дөңгелек үстел болатын 1 а оқу ғимаратындағы 22-кабинетте өткізілді.

2018 жылғы 5 қазандағы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын студенттер мен қонақтар арасында талқыға салып, ондағы назар аударылған басымдықтарды айта отырып, диспут ұйымдастырдық.



Сондай ақ қазіргі қоғам білім мен ғылым, инновацияны бағалайтын заман болғандықтан университет, факультет, кафедра деңгейінде өтетін тәрбие бағытындағы іс шараға тобым белсендік көрсетіп отырды. Соның бірі 6 қазан 2018 жылғы (Хаттама №2) **Ел басының қазақстан халқына Жолдауын: «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»** топтың қатысуымен эдвайзер Төленді Мөлдір Айтқабылқызы жан-жақты талқылады. Әсіресе осы Жолдаудың «Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту» мәселесінің төңірегінде қызу талқылау өтті. Онда білім, ғылым, медицинаға барынша көңіл бөлінуін және білімге ішкі жалпы өнімнің 10% оны қаржыландыруға жұмсау қажеттілігі баса назарда болуын атап өтті.



«11»10.2018 жыл Б. Римова атындағы Талдықорған драма театры А.Ихсан «Хақ жолы» әлеуметтік драмасын тамашаладық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е. және II курс студенттері. ҚазҰАУ акт залы II курс студенттерін Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры А.Ихсан «Хақ жолы» әлеуметтік драмаға апардым. Студенттердің әлеуметтік драмадан алған әсерін ортаға салдық.



«12»10.2018 жыл «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Алматы жастарының «Көзқарас» дискуссиялық клубы аясында **«Сапалы инфрақұрылым-қауіпсіз Алматы»** атты тақырыпта дөңгелек үстелге қатыстық. Қатысқандар: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті,

Қазақстан-Британ техникалық университеті, іс-шара қонақтары, ҚазҰАУ ІІ курс студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е. Depo Evolution Park, Байтұрсынова көшесі 22/1;

ІІ курс студенттерін «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Алматы жастарының «Көзқарас» дискуссиялық клубы аясында **«Сапалы инфрақұрылым-қауіпсіз Алматы»** атты тақырыпта дөңгелек үстелге қатыстық. Дөңгелек үстел барысында сұрақ-жауапқа белсенділік таныттық.



11.10.2018ж. Кафедра аға оқытушысы Саяпил Ә. №3 «Шаңырақ» жатақханасының Акт залында ОЦ-1 курс студенттерімен **«Startup»** жобасын жасау жайлы дөңгелек үстел ұйымдастырды. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Құдайбергенова А.А., Саяпил А. және №3 «Шаңырақ» жатақханасының студенттері



«13»10.2018 жыл «Алтын дән» қоғамдық қорының жоба менеджері, дәрігер Сайлауова Бибіжан Тлеукұлқызының қатысуымен **«Жақындық: жыныстық қатынастың әртүрлі салдары»** атты тренинг ұйымдастырылды. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Құдайбергенова А.А. және №3 «Шаңырақ» жатақханасының студенттері. №3 «Шаңырақ» жатақханасының Акт залында студенттерге «Алтын дән» қоғамдық қорының жоба менеджері, дәрігер Сайлауова Бибіжан Тлеукұлқызының қатысуымен тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Аталмыш тақырыпқа қатысты кеңінен ақпарат көздерімен қамтылды. Дәрігер Сайлауова Бибіжан Тлеукұлқызымен сұрақ-жауап алмасты.



«23»10.2018 жыл «Kinopark» Moskva «Ұлы дала» комедиясын тамашаладық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., Исмайлова А.К., II, III курс студенттері.

II, III курс студенттерін Kinopark» Moskva «Ұлы дала» комедия киноға апардым. Кино сеансынан кейін студенттердің үйлеріне толық жеткенін қадағалдым.



«24»10.2018ж. Факультет тарапынан ұйымдастырылған Медеу аудандық діни істер жөніндегі департамент өкілінің қатысуымен «Діни экстремизмге байланысты» кездеуге қатыстық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., I-IV курс студенттері. I-IV курс студенттерін Медеу аудандық діни істер жөніндегі департамент өкілінің қатысуымен «Діни экстремизмге байланысты» кездесу өтті. Медеу аудандық діни істер жөніндегі департамент өкілінің баяндамасын тыңдап (қоғамда орын алып жатқан мысалдарды қолдана отырып) студенттердің діни сауаттылығын ашты.



«29»10.2018 жыл М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры «Ақтастағы Ахико» драмасын тамашаладық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Саяпыл Ә. және II курс

студенттері. Студенттердің алған әсерін талқыладық және білімгерлердің үй-үйлеріне қайтуын қадағаладық.



«29»10.2018 жыл «Нашақорлық - қауіпті індет, алдын – алу міндет» атты ҚазҰМУ мұражайына саяхат жасап қайттық. Қатысқандар: ҚазҰМУ доценті Шәкенов Бауыржан Шәкенұлы, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., э.ғ.к., профессор Бекенова Г.Ы. және II курс II курс студенттерін С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті мұражайында жиналды. «Нашақорлық – болашағына жасалған қастандық» атты ҚазҰМУ доценті Шәкенов Бауыржан Шәкенұлының дәрісін тыңдадық. ҚазҰМУ доценті Шәкенов Бауыржан Шәкенұлының бастауымен мұражайға экскурсия жасалды.



Сонымен қатар эдвайзер аға оқытушы Төленді М.А. ұйымдастыруымен «Медикер» медициналық орталығының маман дәрігерінің «Көкжөтел» ауруын алдына алу және психологтың «**Біз өмірді таңдаймыз**» атты дәрістерінде жастар арасындағы суицидін кең қанат жайуының алдын алу тақырыбында өткен дәрістерге қатысты. Онда дәрігер маман студенттерге «көкжөтел» ауруы туралы дерек бере отырып студенттердің өз денсаулығына, қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершілігін арттыру, жеке бас гигиенасы туралы түсінік қалыптастыру керектігін тілге тиек етті. Студенттер жыл сайын сессияның алдында Медикер орталығында флюорографиядан 100% өту қатаң қарастырылған.



«29»10.2018 жыл С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің тарих мұражайына саяхат жасадық. Қатысқандар: ҚазҰМУ тарих мұражай қызметкері Фатима Таңатқызы, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., э.ғ.к., профессор Тажигулова Ж.Ж. және ІІ курс студенттері. ІІ курс студенттерін С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің тарих мұражайында сағат 11:00 жиналды. Студенттерге рухани-өнегелік тәрбие беру, ҚР тарихы мен мәдениетін насихаттау мақсатында гид ҚазҰМУ тарих мұражай қызметкері Фатима Таңатқызының бастауымен мұражайға экскурсия жасалды.



«31»10.2018 жыл Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасына саяхат жасадық. Қатысқандар: Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының абонемент бөлімінің басшысы Құмарова Шарайна Файзуллақызы, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Тоғжігітова Қ.Б. және ГМУ-113 тобының студенттері. Кафедраның ГМУ-113 тобының студенттері 12:00 де университет қабырғасынан шығып, Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасымен таныстық. Кітапхана «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жаңа кейіпке енген ғимаратпен таныстыру. Мақсатымыз студенттердің білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру.



«7»11.2018 жыл ҚазҰАУ-нің ректоры Есполов Т.И. «Цель – создание университета мирового класса» мақаласын талқылады. Қатысқандар: Кафедра меңгерушісі э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К., кафедраның ПОҚ, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ГМУ, ЭК, МН, МК мамандықтарының студенттері. ҚазҰАУ-нің ректоры Есполов Т.И. «Цель – создание университета мирового класса» мақаласын баяндау, таныстыру, талқылады. Студенттердің білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру.



«8»11.2018 жыл «Дос боламыз бәріміз» достық туын желбірету мақсатында ұйымдастырылды. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е. және ГМУ, ЭК, УА, ОЦ II-III курстар студенттері. «Дос боламыз бәріміз» достық туын желбірету мақсатында Nakatika кароке – барда ұйымдастырылған кафедра студенттерінің басын қосып ауызбірлікке, ұйымшылдыққа ынталарын арттыру. Кафедра мамандықтары бойынша студенттерді достық қарым-қатынасқа шақыру.



8.11.2018ж. эдвайзер Белгібаева А.А. 5В050600 – «Экономика» мамандығының І-курс белсенділерімен ҚазҰАУ мұражайын аралап танысты.



«12»11.2018ж. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық мұражайы араладық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Джумабаева А.М., Жетіген Б.М. және ГМУ, ЭК, МН, МК І- курстар студенттері. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық мұражайына экскурсия жасалды. Кафедра студенттерінің ой-өрістерін, сөздік қорын дамыту және білімгерлерді жан-жақтылыққа тәрбиелеу.





«14»11.2018жыл «Рухани жаңғыру» жалпыхалықтық диктант жазылды. қатысқандар: тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Зулпыхаров Б., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., кафедра меңгерушісі э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К., кафедраның профессор оқытушылар құрамы, факультет мамандықтары ГМУ, ЭК, МН, МК, ОЦ, УА I-курстар студенттері. Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛПБИІ таныстыру. Факультет студенттерінің Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛПБИІ туралы жаттықтыру, ой-өрістерін, сөздік қорын дамыту. Білімгерлерді жан-жақтылыққа тәрбиелеу мақсатында.



21.11.2018 ж. ақпараттық құралдарда ҚР Президентінің «Ұлы Даланың Жеті Қыры» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақала жалпы халықтық талқылау жасалынып жатқандықтан оны Университет, кафедра және мамандықтарда түсіндіру жұмыстары жүргізілід. Осы талқылауға «Құқық» кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к., каум.профессор Бақытжан Жүрсінұлы Қуандықовты қатысты.



Сонымен қатар эдвайзер Белгібаева А.А. осы аталмыш мақаланы талдады:



Елімізде 2012 жылдан бастап 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні ретінде аталып келеді. Егемен ел болудың күрделі құрлысын басқарып жаңа тәуелсіз мемлекет басқарып отырған Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік саясаттағы рөлін бағалауда, ҚазҰАУ ректоры, ҚРҰҒА академигі Т.И. Есполовтың 6 желтоқсандағы Қазақ Әдебиеті газетіне шыққан «Назарбаев феномені» және Жастар атты мақаласын» IT-технологиялар, автоматтандыру және агроөнеркәсіптік кешенін механизациялау» факультетінде оқытушылар, студенттер, докторанттар, магистерлер «Қазақ тілі» кафедрасынан Калыкова Р, «Құқық» кафедрасынан Төленді. М.А. «Қазақстан тарихы» кафедрасынан Г. Баймуратованың қатысуымен мақала қазақ, орыс тілдерінде түсіндірілді.



ҚазҰАУ ректоры, ҚРҰҒА академигі Т.И. Есполовтың «Назарбаев феномені» және Жастар атты мақаласын талқылау сәтінен көрініс.

«22»11.2018 жыл **Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің»** атты **тәрбие сағатын ұйымдастырылды.** Қатысқандар: Медеу ауданы ІІБ «Әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау» тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Сламджанова Ларида Мухамеджанқызы, Медеу ауданы ІІБ аумақтық маманы Қайратов Д.К., тәрбие департаментінің директоры Тургумбаева Б.Д., тәрбие бөлімінің маманы Нуралиева С., тәрбие бөлімінің бастығы Ералиева А., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., э.ғ.к., профессор Бекенова Г.Ы., аға оқытушы Құдайбергенова А.А., аға оқытушы Саяпыл және кафедра мамандықтары ГМУ, ЭК, МК ІІ, ІІІ курстар студенттері. «Өз құқығыңды білгенің – дұрыс өмір сүргенің» тақырыбында Медеу ауданы ІІБ «Әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау» тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Сламджанова Ларида Мухамеджанқызымен кездесті. Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру, студенттерді жаңа тақырыпты талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету және проблемалық сұрақтар арқылы олардың ой-өрісін, ойлау қабілеттінің белсенділігін арттыруға баулу.

Заңды сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру және өз болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.



Сонымен қатар эдвайзер Төлөнді М.А. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің Университетімізде «Құқық» апталығы атты университет деңгейінде барлық экономикалық мамандықтарға тәрбие сағатын өткізу мәселесі көтерілген. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар жатақаналарда, корпусстарда өткізілді.

Бұл шарадан бізде тыс қалмай: **«Құқық бұзушылық және оның алдына алу жолдары» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.** Бұл тәрбие сағатына «Құқық» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шокенов Қанат Амангелдинович пен «Құқық» магистірі Байзакова Раушан Бекмақанова қатысты.



«24»11.2018жыл Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы Әділбек Ыбырайымұлының «Жерұйық жұмбағы» атты жаңа кітабына ТҰСАУКЕСЕР өтті. Қатысқандар: Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының абонемент бөлімінің басшысы Құмарова Шарайна Файзуллақызы, ҚР белгілі белді ақындары, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ГМУ, ЭК II курс тобының студенттері. Кафедраның ГМУ 204К, ЭК 212К тобының студенттері 11:00 де Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасына Әділбек Ыбырайымұлының «Жерұйық жұмбағы»

атты жаңа кітабына ТҰСАУКЕСЕРГЕ бардық. Студенттердің білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру мақсатында.



«27»11.2018 жыл «Медеу» мұз айдынына барып демалдық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ГМУ, ЭК II курс тобының студенттері. Кафедраның ГМУ 204К, ЭК 212К тобының студенттерін Медеу мұз айдынында сырғанап, Медеу Спорт Кешенімен таныстырдық. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру негізінде.



Оқу өндірістік жұмыстары, соның ішінде студенттердің сабаққа қатысу мен оқу үлгерімін бақылау, студенттердің ғылыми практикалық конференцияларға қатысуы, студенттермен қысқы сессияға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Студенттердің саяси-тәрбиелеу жұмыстарына қатысуы.

ГМУ-404К тобының студенті Мейірханұлы Жасұлан ҚазҰАУ студенттік лидері болып табылады.

Тәрбие-эстетикалық жұмыстары студенттермен жүргізілді. Театр, қала көрмелері мен мұражайларға студенттердің баруы.

«30»11.2018 жыл «АИТВ инфекциясын алдын-алу» Қатысқандар: Қалалық СПИД орталығының дәрігері, эпидемиолог Қанатбекова Улболсын Молдағалиевна, кафедра меңгерушісі э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К. және меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., кафедра мамандығының және жатақхана студенттері.

Қалалық СПИД орталығының дәрігері, эпидемиолог Қанатбекова Улболсын Молдағалиевнаның «АИТВ инфекциясын алдын-алу» атты тәрбие сағатын ұйымдастыру

1. Студенттерге СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру

2. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу.



30.11.2018ж. Университет тарапынан ұйымдастырылған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын талқылауға арналған дөңгелек үстелге «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» атты мақаланың II-тарауында «Тарихи сананы жаңғырту» туралы баяндама жасады.

1.12.2018ж. Кафедра аға оқытушысы Құдайбергенова А.А. №3 «Шаңырақ» жатақханасының Акт залында «Елін сүйген - Елбасы» деген тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды:



«6»12.2018ж. Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ақын, композитор Ақансері Қорамсаұлының -175 жылдығына арналған «Халықтың ардақтысы – Ақансері» атты шығармашылық кешін өткіздік. Қатысқандар: Ж.Жабаев атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының абонемент бөлімінің басшысы Құмарова Шарайна Файзуллақызы, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., э.ғ.к., профессор Омаркулова М.Б., кафедра мамандығының ГМУ, ЭК студенттері. Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ақын, композитор Ақансері Қорамсаұлының -175 жылдығына арналған «Халықтың ардақтысы – Ақансері» атты шығармашылық кешіне кафедра студенттерін апардық. Студенттерге ақын, композитор Ақансері Қорамсаұлының еңбектері баяндалды. ақын, композитор Ақансері Қорамсаұлының әндерін тамашалау.



«12»12.2018 жыл «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Наурызбай ауданының жастар орталығы аясында «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды. Қатысқандар: «Жастар Үні» ЖҚБ төрағасы Дәурен Бабамұратов және т.б. зиялы қауым мүшелері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Карымсакова Ж.К., кафедра мамандығының ГМУ тобының студенттері.

«Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Наурызбай ауданының жастар орталығы аясында «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты дөңгелек үстел белсенді түрде қатыстық. Студенттерге Тәуелсіздік туралы ақпараттар, Отан үшін отқа түсетін ел жанды, ел азаматтарын етіп тәрбиелеу мақсатында.



12.12.2018ж. «Құқық» кафедрасының меңгеруші орынбасары Қ.Е. Укибаева эдвайзер кураторлар: Төленді. М.А. және т.б. ПОҚ ұйымдастыруымен «Бабымыз аңсаған Тәуелсіздік» атты тақырыпта тәрбиелік маңызы зор қойылым концерттік шарамен өтті. Бұл шара бірнеше қойлымды қамтыды: Қазақ хандығының құрылуынан бастап: ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, 30-жылдардағы ашаршылық, 37-жылдардағы нәубет, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан Соғысы, желтоқсан көтерілісі, Тәуелсіздіктің құны сөз етілді. Бұл тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алғалы 27 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерімізбен таныстыру, білімдерін кеңейту. отанды сүюге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру, бүгінгі тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, оларды отан үшін отқа түсетін ел жанды ел азаматы етіп тәрбиелеу.



ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру аясында ел басшысы «Ұлттық салт дәстүріміз, тіліміз, музыкамыз, өнеріміз, әдебиетіміз, жорғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс дегендей Қазақстан Республикасына белгілі өнер, кино саласындағы тұлғаларды жастарға таныстыру және олардың өмір жолдарын насихаттау мақсатында кафедра оқытушылары: Төленді М.А. және т.б. ПОҚ ұйымдастыруымен Ш.Айманов атындағы киностудиясының белгілі актері ТМД өнер кеңістігінде бірнеше марапаттарға ие болған «Шал» фильмінде басты рөлді сомдаған Ерболат Касымұлы Тоғызақовпен кездесу ұйымдастырылды. Актер

өзінің жеке өмірі мен өнер саласындағы қиын да қызықты кәсібі туралы сыр шертті. Бұл шараны ұйымдастырудағы басты мақсаты рухани жаңғырудағы ел басшысының таяу жылдардағы міндеттеріндегі көрсетілген». Туған жеріңе туынды тік» дегендей жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу, патриотизімді ояту еді. Фильмімдегі басты көтерілген нәрсе де осы батырлық, жеріне деген кейіпкердің адалдығы еді. «Шал» фильмімде басты рөлді сомдаған Е.Қ. Тоғызақовпен түскен естелік суреттен көрініс.



28.12.2018ж. Кафедра меңгерушісінің орынбасары Елтаева Қ.Е. кафедра білім алушыларының белсенділігін арттыру мақсатында І-жарты жылдық қорытынды нәтижесі бойынша салтанатты түрде марапаттау ұйымдастырды. Әрине осы жарты жылдықта өздерін жан-жақты көрсеткен, нақты марапатқа ие деген төмендегідей студенттерге **Алғыс хатқа** ұсынылды:

Р/с	Студенттің аты-жөні	Студенттің өзіне	Ата-анасына	Мектебіне
1	Жамоладдинов Темурбек	+	+	+
2	Абдусаттар Бауыржан	+	+	
3	Ахметбек Еркебұлан	+		
4	Әбдиева Ақмоншақ	+		
5	Әбдиева Сақи	+		
6	Ержанова Баян	+	+	+
7	Оралбеков Керемет	+		
8	Саттархан Рамазан	+		
9	Садырбай Арайлым	+	+	+
10	Майсанова Рано	+	+	+
11	Аққабиева Ақерке	+		

12	Джиенбаева Камшат	+		
13	Сағындықова Әдема	+	+	+
14	Тагабаева Айман	+	+	+
15	Бибіхан Салтанат	+	+	+
16	Айтеке Назерке	+		
17	Сәрсенбаева Рая	+	+	+
18	Рахим Аружан	+		



23.01.2019ж. Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» атауымен Жастар жылы - 2019 жариялануына байланысты тікелей эфирде салтанатты шараның ашылуын тамашалау. Қатысқандар: Тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Зұлпыхаров Б., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ПОҚ, факультет және кафедра мамандығының студенттері



25.01.2019ж. Қазақстан Ұлттық телеарнасы, «Қарекет» бағдарламасы «Құда мың жылдық» атты тақырыпты көрермен ретінде тамашалау. Қатысқандар: Бағдарлама жүргізушісі журналист Есболат Айдабосын және бағдарлама кейіпкерлері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ЭК-212к, ГМУ-204к мамандығының студенттері



29.01.2019ж. ҚазҰАУ ғылыми кітапхана залы. «Жастар жылы – жасампаздық бастауы» атты тақырыптағы дөңгелек үстелге қатыстық. **Қатысқандар:** «Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті» кафедрасының ПОҚ, университет студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Джумабаева А.М., ЭК-212к, ГМУ-204к мамандығының студенттері.





4.02.2019ж. «Бір шаңырақ астында!» Жастар жылы аясында достық фестивалі. **Қатысқандар:** ҚазҰАУ мүшелері, кафедраның ПОҚ, университет студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушы Токжігітова Қ.Б., Исмаилова А.К., ЭК-212к, ГМУ-204к мамандығының студенттері



7.02.2019ж. Орталықтандырылған кітапхана жүйесі «Жамбыл» атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы Арман Сқабылұлының «Егіз жүрек» атты кітабының тұсаукесері және «Жаным менің» сериалының авторымен кездесу. **Қатысқандар:** автор Арман Сқабылұлы, тележурналист Серік Аббас-шах, Қоғаммен байланыс басқармасының бастығы Исәділ Алмат Мұратұлы, кафедра меңгерушісі Есенгазиева С.К., э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., аға оқытушы Карымсакова Ж.К., Жумаханов Б.К., Омаркулова М.Б., кафедраның ПОҚ, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ЭК-212к, ГМУ-204к мамандығының студенттері



8.02.2019ж. «Жастар жылының» ашылу салтанатына қатыстық.
Қатысқандар: Тележүргізуші, ҚР Мәдениет қайраткері Бейсен Құранбек, Тоғызқұмалақ федерациясы вице-президенті, Алматы қаласының ағажаттықтырушысы Қыдырбеков Әлімжан, Республика көлемінде «Жастарға қолдау көрсету» орталығының басшысы Бақтияр Бақыткелдіұлы, «EDTECH-KZ» халықаралық білім орталығының KASIP жобасының жетекшісі Яхьярова Сабина, э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., кафедра меңгерушісі Есенгазиева С.К., кафедраның ПОҚ, э.ғ.к., профессор Тажигулова Ж.Ж., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ГМУ-304к мамандығының студенттері





14.02.2019ж. I –курс студенттерімен эдвайзер Белгибаев А.А. «Халық Аренада» өткен робототехникасының фестивалыне көрермен ретінде қатысты.



20.03.2019ж. I –курс студенттерімен эдвайзер Белгибаев А.А. «Наурыз - 2019» іс-шарасына ат салысты.



15.02.2019ж. «Жаңа ғасыр» театрының салтанатты ашылуы Асанәлі Әшімовтың шәкірттері «Соңғы қоңырау» поэтикалық драмасын тамашаладық. Қатысқандар: М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері, режиссер, Қазақстанның халық әртісі, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов, ҚазҰАУ ректоры Есполов Т.И., э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., кафедраның ПОҚ, әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., аға оқытушылар Карымсакова Ж.К., Тоғжігітова Қ.Б., кафедра студенттері



18.02.2019ж. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты мерекелік концерттік кеш өткізді. Ұйымдастырушылар: №7 Тағам өнімдерін инновациялық дамыту траекториясының магистранттары және оқытушылар: Бекенова Г.Ы., Құдайбергенова А.А., Саяпил А., Карымсакова Ж.К.



19.02.2019ж. «Білім, ақыл, сана» атты Халықаралық Продюсер, Саясаткер, Дінтанушы, Түркия Денсаулық Министрлігінің Орта Азиядағы Медикал Парк өкілі Нурбақыт Меллетұлымен кездесу өтті. **Қатысқандар:** Халықаралық Продюсер, Саясаткер, Дінтанушы, Түркия

Денсаулық Министрлігінің Орта Азиядағы Медикал Парк өкілі Нурбақыт Меллетұлы, Блогер, кәсіпкер Алмас Нұрланұлы, кәсіпкер Бағым Берекеқызы, э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., кафедраның ПОҚ, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., кафедра студенттері




20.02.2019ж. «2019 жыл-Жастар жылы» атты тәрбиелік іс-шара өтті. Ұйымдастырушылар: №7 Тағам өнімдерін инновациялық дамыту траекториясының магистранттары және оқытушылар: э.ғ.к., профессор Бекенова Г.Ы., аға оқытушылар Саяпил А., Құдайбергенова А.А., Утеев Б.Ж.



20.02.2019ж. Кафедраның әдвайзер-кураторлары Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қала тұрғындарына есеп беру шарасын тыңдауға қатысты.



22.02.2019ж. «Жамбыл» атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы «Ұрпақ үні» атты Төлеужан Ғұмаровтың оқырмандармен кездесу кеші өтті. Қатысқандар: автор Төлеужан Ғұмаров, кітапхана директоры Қабиева Р., бір топ сазгер, әншілер қауымы, кафедраның ПОҚ, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., кафедра студенттері.





22.02.2019ж. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы «Қарекет» бағдарламасы «Көпбалалы ана» тақырыбына арналған. Қатысқандар: Досан Қызайбек – бағдарламаның «Әлеумет» айдарының жүргізушісі, сарапшылар қауымы, кафедра меңгерушісі Есенгазиева С.К., «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы Рустемова А.К., «Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы Найманова Ж.Т., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., э.ғ.к. Айтмуханбетова Д.А., аға оқытушы Жумаханов Б.К., кафедра студенттері



22.02.2019ж. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы «Қарекет» бағдарламасы «Ұстаз» тақырыбына арналған. Қатысқандар: Есболат Айдабосын – бағдарламаның «Мәдениет» айдарының жүргізушісі, сарапшылар қауымы, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы Рустемова А.К., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., оқытушы Қайырбаева А.А., э.ғ.к. Айтмуханбетова Д.А., аға оқытушы Жумаханов Б.К., кафедра студенттері



26.02.2019ж. ҚазҰАУ Акт залында Ардақ Назаровпен кездесу көрермен ретінде қатыстық. Қатысқандар: ҚазҰАУ және кафедра студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., кафедраның ПОҚ.



27.02.2019ж. «Жырлайды - жүрек» атты Мұқағали Мақатаев жырларына арналған іс-шара «менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасы және «Есеп және аудит» кафедрарының ұйымдастыруымен факультет деңгейінде ұйымдастырылған іс-шара. Қатысқандар: э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., «Менеджмент және АБҰ» және «Есеп, аудит және қаржы» кафедраларының кафедра меңгеруші орынбасарлары Елтаева Қ.Е., Найманова Ж.Т., э.ғ.д., кафедраның ПОҚ мүшелері, оқытушы Исмаилова А.К., факультет студенттері





Сонымен қатар «Құқық» кафедрасының оқытушылары мен әдвайзер Төленді М.А. ұйымдастыруымен «Хан Тәңірдің мұзбалағы – Мақағали» атты танымдық шығармашылық кеш өтті. Сценарий толық ашылып оқытушылар да, студенттер де кештен үлкен әсер алып, бұндай тақырыптағы кештерді өткізуді әдетке айналдыруды ұсынды.





1.03.2019ж. 1 Наурыз Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған іс-шара
Қатысқандар: э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің ПОҚ және студенттері, кафедра меңгерушісінің орынбасарлары Елтаева Қ.Е., Найманова Ж.Т., оқытушы Исмаилова А.К., аға оқытушы Джумабаева А.М.





11.03.2019ж. Мамандықтың жастар тек қана қоғамдық жұмыстарды атақарып қана қоймай университет және факультет, кафедра тарапынан берілетін жұмыстарға да белсене араласады. Сондай жұмыстардың бірі Алматы қаласындағы «Халық Аренада» өткен Хокейден халықарлық турнирді көруге эдвайзер-куратор Төленді М.А. жәнге кафедраның II-курс студенттерімен бірге барып қайтты



19.04.2019ж. Эдвайзер-куратор Төленді М.А. және «Құқық» кафедрасының ПОҚ ұйымдастыруымен алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру мақсатында 2 және 4 курс студенттерінің арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың ең көп тараған түрі «алаяқтық» мәселесінің төңірегінде студенттердің өздері прокурор, сот, жәбірленуші және айыпталушы ролдерін алып сот мәжілісі өтті. Оған 2 курс экономика және қаржы мамандықтарының студенттері де қатыстырылды. Ал профессор оқытушылар құрамы мен факультетің деканы көрермен ретінде қатысып әрқайсысы өздерінің пікірлерімен бөлісті.



25.03.2019ж. Жастар ұйымының бастамасымен ұйымдастырылған Гала-концерт өтті. Қатысқандар: ҚазҰАУ ПОҚ, «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., Исмаилова А.К., Утжанова М.



26.03.2019ж. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевпен тарихи кездесу сәті. Қатысқандар: ҚазҰАУ ПОҚ, «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің студенттері, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е.



2019 жылы наурыз айында 2 курс студенттерінің ұсынысымен «**Бала жүрегіне жол табу**» атты тәрби сағаты өтті. Оған Эдвайзер- куратор Төленді Мөлдір Айтқабылқызы. «Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасының меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., «Қаржы» кафедрасының меңгеруші орынбасары Найманова Ж.

ГМУ-204К, ЭК212К, УА-208, ФН-210К, ОЦ-206К, МК-216Р, МК-2015К, МЕН-214Р топтарының студенттері.



29.03.2019ж. «Шет елде оқудың мүмкіндіктері мен мотивациялары» атты еркін форматта дөңгелек үстел. Қатысқандар: «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультеті №3 «Шаңырақ» жатақханасының студенттері, кафедра меңгерушісі Есенгазиева С.К., меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ПОҚ мүшелері: Исмаилова А.К., Джумабаева А.М., Жетиген Б.М.



5.04.2019ж. ҚазҰАУ ұйымдастыруымен факультет аралық «Көше билері» байқауы өтті. Оған ГМУ-204к тобынан Ерболатұлы Алмас және Бақыт Жандос қатысты. Нәтижесінде «ГМиБ» факультеті І-орынға ие болды.



12.04.2019ж. Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасы «ЖАСТАР ҮНІ» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен SARAPSHY «VI Президенттік сайлау: Қазақстан халқы не күтеді?» тақырыпта талқылау басқосуы өтті.



Сенбіліктер: Университеттік және қалалық әкімшіліктің ұйымдастыруымен сенбіліктерге ПОҚ және студенттер ат салысты.

22.09.2018

12.10.2018

20.10.2018

6.04.2019

13.04.2019

20.04.2019



17.04.2019ж. Qazaqstan TV / Қазақстан Ұлттық Арнасы. ВЕҰ (Беу). Ток-шоу. Хабар ток шоу элементерімен музыкалық концерт форматында өтті. Ток-шоу жүргізушісі Қазақстандық әнші, МузАРТ ансамблінің солисті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Сәкен Қордабайұлы Майғазиев жүргізді. Бағдарламаға қатысқан әншілер: Зарина Омарова, Dieta kz., Еркін Нұржанов, Қуаныш Құрманбаев. Қатысқандар: Көркемдік кеңес мүшелері, «Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасының ГМУ, ЭК мамандықтарының білім алушылары, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е., ПОҚ мүшелері, аға оқытушы Тоғжігітова Қ.Б., аға оқытушы Джумабаева А.М., оқытушы Исмаилова А.К., оқытушы Жетіген Б.М.



18.04.2019ж. ҚазҰАУ Ұлы даланың Ұлы мерекесі салтанатпен атап өттік. Кафедрамыз белсенді ат салысты. Қатысқандар «Менеджмент және агробизнесті ұйымдастыру» кафедрасының ПОҚ мүшелері: э.ғ.д., профессор Мизанбекова С.К., э.ғ.к., профессор Есенгазиева С.К., аға оқытушы Жумаханов Б.К., э.ғ.к. Айтмуханбетова Д.А., э.ғ.к., профессор Бекенова Г.Ы., аға оқытушы Утеев Б.Ж., аға оқытушы Саяпил А., аға оқытушы Құдайбергенова А.А., аға оқытушы Карымсакова Ж.К., э.ғ.к., профессор Омаркулова М.Б., аға оқытушы Тоғжігітова Қ.Б., аға оқытушы Джумабаева А.М., оқытушы Исмаилова А.К., оқытушы Жетіген Б.М., ГМУ, ЭК, МН, МК мамандықтарының білім алушылары, меңгеруші орынбасары Елтаева Қ.Е.





22-29.04.2019ж. Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Болашаққа жол өзіңнен басталады» атты семинар-тренингке ЭК-204К студенті Майсанова Рано, ГМУ-204К студенті Абдусаттар Бауыржан қатысып, сертификат және мадақтама қағаздармен марапатталып қайтты.



26.04.2019ж. Эдвайзер Белгибаев А.А. I-курс студенттерімен ҚазҰАУ Ақт залында «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауға қатысу» тақырыбында семинарға қатысты.



ҚР Әкімшілігінің ұйымдастырумен өткен «Елбасының қызметіне рахмет айту» күніне орай ұйымдастырылған іс-шарадан көрініс.



1.05.2019ж. 1 мамыр – «Қазақстан халықтарының бірлігі» күніне байланысты Мәдениет Сарайына қалалық аламанға (массовка) шықтық.



3.05.2019ж. ҚазҰАУ Акт залында депутаттармен кездесу өтті. Оған кафедраның элвайзер-кураторлары студенттермен барды.



9.05.2019ж. 9 Мамыр - Жеңіс күніне байланысты ГМУ, ЭК, МН І-курс студенттері өз еріктерімен «Панфиловшылар» саябағына барып мәңгілік алау отына тағзым етіп гүл шоқтарын қойды.



16.05.2019ж. Невада-Семейге қатысты онлайн семинар 84 кабинетте қатыстық.

17.05.2019ж. Байқоңыр-Қызылорда командасына жанкүйер болдық.

24.05.2019ж. «Елбасы. Жастар. Жасампаздық» көшпелі ақпараттық-имидждік жобасы «ҚР-ның Тұңғыш президенті – Елбасының кітапханасы» директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Рахымжановтың ҚазҰАУ студенттеріне арналған дәрісін тыңдадық.



31.05.2019ж. «Ғалымдар ордасындағы» сайлауға байланысты жиынға қатыстық. Қатысқандар: меңгеруші орынбасары Елтаева Қ., аға оқытушы Джумабаева А.М.



6.06.2019ж. ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Айгүл Амантайқызы Шайымованың қатысуымен «Жастардың мемлекеттік қызметке

деген сенімін арттыру» атты тақырыпта кездесу өтті. Факультет студенттерін Абдикешов М. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ апарды. Қатысқандар: ГМУ-204к, ЭК-212к, ГМУ-304к топ студенттері.



ГМУ-304к тобының студенті Атишев Сұлтан бүгінгі тақырыпқа қатысты көкейкесті сұрақ қойып, мардымды жауап алды.



9.06.2019ж. Кезектен тыс президент сайлауы өтті. Сайлау іс-шарасына жауапты болып кафедрадан «Нұр Отан» халықтық партиясына сенімді тұлға жұмыстарына жауапты етіп аға оқытушы Джумабаева А.М. тағайындалды.

